

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті жаңындағы  
Дінтану мамандығы бойынша Диссертациялық кеңеске ұсынылған  
«6D020600-Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)  
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған  
Шагирбаев Алмасбек Дүйсенбековичтің  
**«Мәшһүр Жұсіп Көпейұлының діни көзқарасы»**  
тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ресми  
рецензенттің

## ПІКІРІ

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және  
жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен  
техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.**

Өткен ғасырларда дін тақырыбында толғаған қазақ ойшылдары арасында өзіндік орны бар тұлға Мәшһүр Жұсіп Көпейұлының артында қалдырған әдеби, философиялық және тарихи мұрасы ұшан-теңіз. Ол қазақ қоғамындағы ұлттық дәстүр мен қазақы болмыстың інжу-жармандарын жинақтаумен қатар өзінің дүниеге деген діни-философиялық қатынасын ерекше сипатта өрнектей білген абыз ойшыл. Шагирбаев Алмасбек Дүйсенбековичтің алты алашқа аты мәлім қазақтың осы кеменгерінің діни дүниетанымдық көзқарасын дінтанулық білім тұрғысынан зерттейді. Шагирбаев Алмасбектің ұсынып отырған жұмысы Мәшһүр Жұсіп шығармашылығындағы діни көзқарастарға арналған және бұл тақырып бүгінгі күні өзінің өзектілігімен көзге түседі. Өйткені жетпіс жылғы атеистік қоғамдағы өмірден кейін қазақ халқы өзінің дәстүрлі діни тамырларынан айырылып қала жаздады. Тәуелсіздіктен кейін дінге деген қайта бетбұрыс басталғанда жастар бағдар таба алмай қалды. Рухани мұқтаждықтың өтеуін жат жерлік діни ағымдардан тапты. Бұл жағдай қазақстандық мұсылмандар үмбетінің бірегейлігіне нұқсан келтіреді. Сондықтан қазіргі жаһандану заманында еліміз бен халқымыз болашаққа дұрыс бағдар ұстануда өткеннің өсietінен тәлім алу маңызды. Зайырлы Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтуы барысында дін негіздерін терең теориялық зерттеу, әлемдік діндердің бірінен саналатын исламның рухани-адамгершілік қуаты мен гуманистік бағытын айқындау ерекше маңызды мәселе екендігі анық. Исламды терең меңгерген Мәшһүр Жұсіп Көпейұлы сынды тұлғалардың мұрасын игеру арқылы рухани жаңғыру барысында бейбіт өмір мен аман-саулық басты құндылық болып саналатын исламның ұстындарына надандық пен лаңқестіктің, зұлымдық пен зорлықтың қайши келетінін дәлелдеуге болады.

Демек, бұл диссертациялық зерттеу біздің қоғамымыз бен отандық ғылымдағы осындағы сұранысты қанағаттандыруға бағытталған. Диссертацияның қазақтың және классикалық мәдени мұраны игерумен байланысты мемлекеттік бағдарламаларға қатысы бар.

## **Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі.**

Диссертациялық зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны кисынды ой мен сабактастыққа сай өрілген. Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының діни көзқарасы отандық дінтанулық ғылым ауқымында алғаш рет арнайы зерттеліп отырғандықтан бұл жұмыс өзіндік ғылыми жаңалықтарымен ерекшеленеді. Диссертациялық жұмыста, ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға сәйкес теориялық нәтижелерге қол жеткізілген.

Біріншіден, диссидентант тақырыпты ғылыми дінтанулық тұрғыда ашу үшін мәселенің зерттелуінің теориялық және тарихи қырларына тоқталады. Алдымен діни дүниетаным ұғымына, содан кейін иман мен ислам ілімінің шарттарына концептуалды түрде тоқтала отырып, зерттеу жұмысының категориалдық аппаратын жасақтайды. Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының діни көзқарасының қазақ халқы ұстанып келген дәстүрлі исламның сенімдік ілімі мен шарттарына сай екендігі дәйектеледі.

Екіншіден, қазақтың әйгілі ойшылы Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының діни көзқарасын ашу үшін, алдымен оның бала кезінен бастап, дана кезіне дейінгі алған білім-тәжірибесі мен жан-жақты тарихи әрі дінтанушылық шығармашылығымен тығыз байланыста қарастырылады. Бала шағынан қазақтың ауыз әдебиетін құлағына сіңіріп өсіп қана қоймай, медреседен діни білім алып, Құран-Кәрімді жаттап, отбасымен қатар, араласқан ортасында діни тәлім-тәрбие көрген Мәшіүр Жұсіптің тұлға ретінде қалыптасу жолдары әрі ғұмырнамалық, әрі ғылыми тұрғыда талданады.

Ушіншіден, осыдан жұз жыл бұрынғы ғасырлар тоғысындағы діни ахуал бүгінгі діни жағдаймен салыстырылады. Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының діни көзқарасы тарихи уақыт ағымы мен сол заманғы қоғам тұрғысында пайымдалады. Оның көтерген діни, ұлттық және әлеуметтік-саяси мәселелеріне сол кездері мұсылмандық Шығысты қамтыған діни жаңғыртушылық (модернизациялық) және жаңашылдық (жәдидшілдік) үдерістердің ықпалы айқындалады.

Төртіншіден, аталмыш диссертацияда «ағартушылық» құбылысы еуропалық дәстүрлермен қатар, мұсылман халықтарындағы, оның ішінде қазақ халқындағы үрдіспен салыстырылып, оның бұрынғы түсінігі қайта бағаланады. Ағартушылық дінге қарсы қойылмай, керісінше, олардың тұластығы ұсынылады. Қазақтың дәстүрлі ағартушыларының кейбірінің терең діни дүниетанымдағы ойшылдар екендігі дәлелденіп, олардың қатарына Шәкәрім қосылады. Зерттеу жұмысында мәшіүр Жұсіптің діни көзқарастары Абайдың және Шәкәрімнің діни идеяларымен салыстырыла талданады. Бұл, біздің ойымызша, ең маңызды теориялық нәтижесі болып табылады.

Бесіншіден, М.Ж. Көпейұлының кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасының құлы тағдырлары, оның сақталуы мен біздің заманымызға дейінгі жетуі сөз болады. Сондай-ақ, бұл діни ойшылдың идеяларына деген көзқарастың кеңестік кезеңдегі және тәуелсіздік кезеңдегі бағыт-бағдарлары талданып, «мәшіүрттану» бағытының қалыптасуы сарапталады. Мәшіүрдің мұраларын

рухани, ғылыми тұрғыда насиҳаттау еліміздегі діни дискурстың дұрыс бағытта болуына анағұрлым тиімді өсерін тигізеді.

Алтыншыдан, автор өзінің зерттеу жұмысында қазақтың дәстүрлі мәдениетінің жаны мен жүрегі – ислам екендігін айта келе, қазіргі діни ахуал үшін қазақтың діни ғұламаларының, оның ішінде Мәшіүр Жүсіп Көпейұлының мұрасын игерудің маңыздылығын алға тартады. Елдегі мұсылман жамағатының ішіне іріткі салып жүрген жат жерлік діни идеологияға қарсы ата-бабамыз сан ғасырлар бойы ұстанған дәстүрлі дінді насиҳаттаудың, сондай-ақ осы діннің өкілі ретінде қазақ жерінен шықкан діни ойшылдардың көзқарасын түсіндіруді ұсынады. Бұл тұлғалардың сарқылмас рухани мұрасын ұғынуға және діни бағдардың болашағы үшін қажет түсініктер мен парадигмаларды ашуға мүмкіндік беретінін тұжырымдайды. Бұл жаңалықтың теориялық тұрғыда да, практикалық тұрғыда да құндылығы жоғары екендігін ескеру қажет.

**Ізденушінің алынған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы.**

Диссертацияда алынған нәтижелер тәуелсіздік тұсында рухани жаңару мен діни мәдениетке бет бұру үрдісі барысында дәстүрлі құндылықтарды қайта бағалауға және қазіргі жаһандану жағдайында рухани тәуелсіздікті сақтап қалуға өсерін тигізетін діни, мәдени бірегейлікті қалыптастырудың ғылыми алғышарттарын орнықтыруға өзіндік үлесін қосады. Діни экстремизм мен терроризм идеологияларына қарсы тұруға қатысты мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға практикалық септігін тигізеді. Сондай-ақ жұмыстың нәтижелерін жоғары оку орындарында оқытылатын философия және дінтану пәндерінде, дін, мәдениет пен философия тарихына қатысты арнаулы курстарда пайдалануға болады.

**Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі және шынайылық дәрежесі.**

Ізденуші өзінің диссертациялық жұмысында әрбір ғылыми нәтижені, қорытындылар мен тұжырымдарды негіздеуде ислам дереккөздерімен қатар, отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді орынды қолдана білген. Иман мен Ислам шарттарындағы негізгі ұғымдарды талдау арқылы тақырыптың концептуалдық алғышарттарын даярлайды. Салыстырмалы талдау барысында жалпы мойындалған классик авторлардың пікірлеріне жүгінеді. Дінтанулық сараптау барысында қазіргі заманғы танымал зерттеушілердің ойларын орынды пайдаланады. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі және дәйектелу деңгейі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға жауап береді.

**Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.**

Диссертацияның мазмұны тақырыптың мәнін толығымен ашады, зерттеудің мақсаты мен міндеттері орындалған, қорғауға ұсынылған қағидалар, ғылыми жаңалықтар мен нәтижелер өзара сабактастық пен логикалық байланысты сақтаған. Өзара үйлесімділік тапқан теориялық сарапталуы мен ұтымды қолданылған әдіс-тәсілдері ғылыми зерттеу

талабына толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыстың мазмұны концептуалдық түрғыда тұтастығымен ерекшеленеді. Жалпы айтқанда, атальыш диссертацияның ішкі бірлігі қажетті деңгейде деген ойдамыз.

**Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Диссертациялық зерттеудің жоғарыда аталған жетістіктері мен ғылыми құндылығын ескере отырып, оның мазмұны мен рәсімделуіндегі кейбір орын алған олқылықтарды ізденуші болашақ ғылыми жұмыстарында ескерер деген оймен атап өтуді жөн көрдік:

1) Мәшһүр Жұсіп Қөпейұлының діни көзқарастарын ашуда диссертант оның діни шығармаларын дінтанулық тұрғыдан талдайды, қазір пікірталас тудырып жүрген түйткілді мәселелер айтылады, бірақ бұл талдауды одан да тереңдетуге болар еді, автор болашақта осыны ескерер деген ойдамыз;

2) Зерттеу жұмысында «Мәшіұртану» саласының қалай қалыптасқандығы туралы кеңірек қозғауға болар еді. Диссертацияда М.Ж.Көпейұлы мұраларын оның үрпақтары қалай сактағаны, насиҳаттағаны жазылады. Бірақ ғылым үшін, объективтілік үшін оны үрпақтарынан басқа ғалымдар зерттегені маңызды. Әсіресе, кеңес дәуірінде М.Ж.Көпейұлын зерттеудің ерекшеліктері туралы диссертацияда айтылмаған.

3) Диссертацияда М.Ж.Көпейұлының әдеби шығармашылығы, оның жанрлық ерекшеліктері ғылыми талдауға түспеген. Оның еңбектерінде ауыз әдебиетінің үлгілері басым ба әлде ол жазба әдебиеттің өкілі болып табылады ма ? Жалпы оның мұрасын әдеби түрғыдан қалай жіктеуге болады ? Осы мәселелер қарастырылмаған.

Алайда бұл көрсетілген ұсыныстар мен кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың зерттелу деңгейіне, мазмұндылығына, тұастай алғандағы ғылыми маңыздылығы мен құндылығына нұксан келтірмейді.

Диссертациялық жұмыстың ҚР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2 бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

«6D020600-Дінтандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған Шагирбаев Алмасбек Дүйсенбековичтің «Мәшіүр Жұсіп Көпейұлының діни көзқарасы» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны және рәсімделуі КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы «6D020600-Дінтандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

## **Ресми рецензент:**

# **Халифа Алтай қайырымдылық қорының ақылдастар алқасының төр филология ғылымдарының докторы**



С. Дәуітова